

А. Қайратқызы*, PhD докторанты¹

А. Хойч, қауымд. профессор¹

М. Демирал, қауымд. профессор²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана қ., Қазақстан¹

Омер Халисдемир университеті,

Нигде қ., Түркия²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: qairatqyzy.97@gmail.com

«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мақала тұрақты экономикалық дамудың қозғаушы күші ретінде «Жасыл экономиканы, яғни төмен көміртекті, ресурстарды үнемдейтін және әлеуметтік инклюзивті экономиканы» инвестициялаудың қажеттілігін анықтауға арналған. Мақала тақырыбының өзектілігін, Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев экономиканың басты бағыттарының бірі ретінде көгалдандыру мен қоршаған ортаны қорғау деп белгілеп, 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының басталуымен анықталды.

Жұмыста «Жасыл экономика» тұжырымдамасының теориялық аспектілері және оның қазіргі кезеңдегі міндеттері қарастырылған, «жасыл» инвестициялардың анықтамасы кеңінен зерттелді. Сонымен қатар, тұрақты экономикалық дамудың ерекшеліктері, экономикалық даму мен қоршаған орта арасындағы байланыс, тұрақты даму саласындағы мақсаттар және оларды іске асырудың халықаралық тәжірибесі мен тенденциялары көрсетілген. Мақалада «жасыл» экономиканы инвестициялаудың ортақ құралын әзірлеу мен енгізудің негізгі мәселелерін шешу үшін «жасыл» экономиканы инвестициялаудың халықаралық тәжірибесі бойынша ақпараттар базасы талданып, Қазақстандық тәжірибеде «жасыл» өнімдер мен қызметтерді инвестициялаудың жетілдірудің мүмкіндіктері анықталды. Инвестициялаудың жаңа мүмкіндіктерін анықтау үшін Қазақстан Республикасы мен шетелдегі жасыл технологияларға инвестициялаудың әдістері, экономикалық және әлеуметтік әсер контекстіндегі жобалардың мақсаттары мен бағыттарына қысқаша талдау жасалды.

Кілт сөздер: жасыл экономика, инвестиция, тұрақты даму, жаһандық экономика, «жасыл» жоба, экология, жасыл энергетика, «жасыл» өнімдер, экономиканы декорбонизациялау, «жасыл» технология

Ключевые слова: зеленая экономика, инвестиции, устойчивое развитие, глобальная экономика, «зеленый» проект, экология, зеленая энергетика, «зеленые» продукты, декорбонизация экономики, «зеленые» технологии

Keywords: green economy, investment, sustainable development, global economy, «green» project, ecology, green energy, «green» products, decarbonization of the economy, «green» technology

JEL classification: E22

Кіріспе. Қазіргі уақытта жасыл энергетикаға инвестициялар кең танымал және өзекті бола түсуде, себебі бүкіл әлемдік қоғамдастықтың алдында экологиялық жағдайды жақсарту, сондай-ақ тұрақты дамуды нығайту және «жасыл экономиканы» қалыптастыру міндеті тұр. Жасыл экономика – бұл қазіргі қоғамның экологиялық құндылықтарын бейнелейтін экономика секторы. Цифрландырумен қатар, жаһандық трендтердің бірі қоғам мүдделері мен табиғатты сақтау қағидаттарына негізделген жасыл энергетикаға көшу болып табылады. Әлемдік сарапшылардың бағалауы бойынша, 2030 жылға қарай «жасыл» энергетика саласындағы жобаларға шамамен 93 трлн доллар бөлу жоспарлануда, бұл тиісті қаржы құралдарын кеңінен пайдалануды талап етеді. Осыған байланысты жаңартылатын энергия көздерін «жасыл» қаржыландырудың қазақстандық жүйесін қалыптастыру жөніндегі міндеттер өзектендірілуде, бұл бізге ұлттық таксономияға негізделген жобаларды верификациялауға, отандық және халықаралық инвесторлардан қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді. Мемлекет басшылығымен мен инвесторлар жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге көбірек капиталды бағыттаудың жаңа жолдарын іздеп жатқандықтан, «жасыл» экономиканы анықтауға, өлшеуге және инвестициялауға болатын тұрақты қызметтің ортақ құралын қалыптастыру қажет.

«Экономиканы декорбонизациялау. Экологиялық, әлеуметтік және басқару стандарттарын (ESG) сақтау мақсатында төмен көміртекті технологияларды енгізу» тақырыбында өткен шетелдік инвесторлар Кеңесінің 34-ші жалпы отырысында Президент: «Инвестициялық ахуалды және инвесторлардың заңды құқықтарын қорғау жүйесін одан әрі жақсарту мемлекетіміздің стратегиялық

міндеттері болып табылады», - деп мәлімдеме жасады. Бүгінгі таңда Қазақстандағы парниктік газдар шығарындыларының 80%-ы қазба отынымен энергия өндірумен байланысты. Бұл еліміздің климатына теріс әсер ететін негізгі фактор, сондықтан энергетика саласын жаңғырту біз үшін шешуші мәнге ие, - деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мақаланың мақсаты – «жасыл» экономиканы инвестициялаудың ортақ құралын әзірлеу мен енгізудің негізгі мәселелерін шешу үшін «жасыл» экономиканы инвестициялаудың халықаралық тәжірибесі бойынша ақпараттар базасын, «жасыл» экономиканы инвестициялауды жетілдіру жолдарын анықтау болып табылады. Көрсетілген мақсатқа жету үшін, келесідей міндеттемелер қойылды: «Жасыл» экономика ұғымының мәні мен мағынасын ашу және талдау; жетілдіру әдістері мен қолдану аясын зерттеу; «Жасыл» экономиканы инвестициялау мен қолдаудың халықаралық тәжірибесі мен қазақстандық жағдайға талдау жасау; «Жасыл» экономиканы дамытудағы Қазақстанның мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазуда осы салада жүргізілген теориялық және қолданбалы зерттеулердің ғылыми негіздері, тұрақты дамуға көшуді жеделдету және жасыл экономиканы қалыптастыру мүмкіндіктерін айқындау тұрғысынан қаралатын мемлекеттік әдістемелер, экологияландыру проблемаларын жүйелі талдау әдістемесі, Ұлттық Банк және Статистика агенттігінің есептері, жаңартылатын энергетика жобаларын «жасыл» қаржыландыру жөніндегі Дүниежүзілік экономикалық форумның есептері қолданылды. Ақпараттарды жинау, өңдеу және талдауда синтез, дедукция және индукция әдістерін қолдана отырып, құрылымдық және ситуациялық талдау жасалды.

Әдебиеттік шолу. Қоршаған орта шығындарын талдау мәселелерін көптеген отандық және шетелдік авторлар қарастырады. Атап айтқанда, Porter жақсы ойластырылған экологиялық саясат ресурстарды үнемдейтін өнімдер мен процестердегі ҒЗТҚЖ-ны арттыра алатынын, бұл бизнестің бәсекеге қабілеттілігі мен табыстылығының артуына алып келетінін атап өтті [1, 2]. Қоршаған ортаның ластануы ерте өсудің қажетті сүйемелдеуі деген болжамды алғашқы зерттеушілердің бірі О'Коннор (1996) болды, ол оны жаңа индустриалды немесе жаңадан индустрияланған Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің мысалында сынап көрді [3, 4]. Ғылыми әдебиеттерде «жасыл» инвестициялардың әртүрлі анықтамалары бар. Сонымен, С.С. Полоник және басқа авторлар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайында экологиялық пайда алып келетін мақсатты экологиялық инвестициялар деп түсіндіреді [5, 6, 7]. Н. Sun және басқалардың пікірінше, «жасыл» инвестициялар – бұл қоршаған ортаға пайда алып келетін жобаларға капиталды бөлу әрекеті [8]. С. Мишулина «жасыл» инвестициялар деп ақша қаражатын, бағалы қағаздарды, мүлікті, оның ішінде ақшалай бағасы бар мүліктік және өзге де құқықтарды, пайда алу және бір мезгілде қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту мақсатында жүзеге асырылатын кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызмет объектілеріне салынатын, яғни декаплинг әсеріне қол жеткізу деп түсіндірді [9]. Gerlagh бойынша инвестиция деңгейінің өсуімен білім жинақтау энергия үнемдейтін технологияларға ауысады және инвестиция бірлігіне технологиялық өзгерістер дәрежесін арттырады [10, 11].

Жасалған талдау нәтижесі бойынша «Жасыл экономика» тұрақтылық, ресурстық тиімділік және экологиялық жауапкершілік қағидаттарына негізделген экономикалық жүйені білдіреді деген қорытындыға келдік. Бұл қоршаған ортаға әсерді азайту және әлеуметтік әділеттілікті ілгерілету кезінде экономикалық өсуді ынталандыруға бағытталған жүйе. Бұл негізінен табиғи ресурстарды сақтау мен қалпына келтіруге, көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға және жалпы экологиялық әл-ауқатты арттыруға ықпал ететін тәжірибелерге, салаларға және саясатқа басымдық беретін экономика.

Біздің ойымыша, «Жасыл экономика» дәстүрлі экономикалық модельдерден асып түсетін біртұтас тәсілді білдіреді. Ол жаңартылатын энергия көздеріне, тұрақты ауыл шаруашылығына, таза технологияларға, айналмалы экономика тәжірибесіне және жасыл инфрақұрылымға инновациялар мен инвестицияларды ынталандыру арқылы экологиялық ойларды әртүрлі секторлардағы шешім қабылдау процестеріне біріктіреді. Жалпы, «Жасыл экономика» адамдар мен планета арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты іздей отырып, экономикалық өркендеуді қоршаған ортаны қорғаумен және әлеуметтік инклюзивтілікпен теңестіруге тырысады.

Зерттеу нәтижелері. Жасыл экономика - бұл экономикалық мақсаттарды әлеуметтік және экологиялық мақсаттармен үйлестіруге баса назар аудара отырып, кең ауқымды саяси тұрақты дамуға қол жеткізу құралы болып табылады. Жасыл экономикаға қатысты тағы екі ұғым анықталған: айналмалы экономика және биоэкономика. Оларды келесідей анықтауға болады:

Айналмалы экономика – бұл ресурстарды үнемдеу, қайта пайдалану және қайта өңдеу арқылы қалдықтарды азайту. Ал, биоэкономика бұл өсіп келе жатқан ресурстар тапшылығына байланысты мәселелерге жауап береді, бірақ бұл жағдайда ол тек ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы ресурстары сияқты биологиялық ресурстарға назар аударады.

«Жасыл» технологияларды, соның ішінде ЖЭЖ-ті қолдау көптеген елдер үшін экономиканы ынталандырудың маңызды құралына айналды. Бүгінде дүниежүзі бойынша АҚШ пен Қытай «жасыл экономикаға» инвестиция бойынша басым көрсеткіштерге ие. Еуропаның жаһандық «жасыл» экономикадағы үлесі аз болғанымен, оның үлесі әлемнің қалған бөлігімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Елдер бойынша «жасыл» экономикадағы айырмашылықтар ішінара ұлттық жағдайларға байланысты екенін де ескеру керек (кесте 1).

1-кесте

Аймақтар мен дәрежелер бойынша «жасыл» экономикалық мүмкіндіктердің негізгі компоненттері бойынша бағалаулар (100 баллдық шкала бойынша)*

| Ел | Айм.-к рейтинг | Жасыл экономика мүмк. балл | Жасыл инвест. | Жасыл сауда | Жасыл жұмыспен қамту | Жасыл инновация |
|---------------|----------------|----------------------------|---------------|-------------|----------------------|-----------------|
| Африка | | | | | | |
| Габон | 1 | 21.55 | 67.97 | 7.46 | - | 19.74 |
| Танзания | 2 | 52.66 | 84.78 | 29.71 | 51.71 | 59.05 |
| Ботсвана | 3 | 17.34 | 61.34 | 1.76 | 10.76 | 77.86 |
| Америка | | | | | | |
| Парагвай | 1 | 29.12 | 71.04 | 3.72 | 46.10 | 59.07 |
| Бразилия | 2 | 20.13 | 50.97 | 15.96 | 23.48 | 8.60 |
| АҚШ | 3 | 34.16 | 49.84 | 46.55 | 76.50 | 7.67 |
| Азия | | | | | | |
| Жапония | 1 | 32.41 | 47.61 | 58.36 | 45.24 | 8.77 |
| Тайланд | 2 | 30.01 | 64.50 | 30.20 | 46.40 | 8.97 |
| Қытай | 3 | 28.85 | 68.82 | 37.23 | 49.01 | 5.52 |
| Қазақстан | 20 | 17.60 | 50.15 | 3.05 | 39.46 | 15.89 |
| Қырғызстан | 12 | 29.62 | 57.34 | 5.30 | 45.16 | 56.09 |
| Еуропа | | | | | | |
| Австрия | 1 | 38.99 | 60.72 | 56.75 | 67.68 | 9.91 |
| Швеция | 2 | 37.56 | 73.38 | 41.61 | 62.97 | 10.35 |
| Дания | 3 | 50.53 | 76.13 | 48.51 | 94.80 | 18.62 |
| Мұхит елдері | | | | | | |
| Жаңа Зеландия | 1 | 20.10 | 62.32 | 8.96 | 45.02 | 6.50 |
| Фиджи | 2 | 33.74 | 53.99 | 4.37 | 84.72 | 64.82 |
| Австралия | 3 | 20.11 | 50.45 | 8.99 | 52.25 | 6.90 |

* [11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Бұл аймақтардың басқа аймақтармен салыстырғандағы ең жақсы көрсеткіштердің болуын «жасыл» экономикалық мүмкіндіктердің артықшылықтарының болуымен түсіндіріледі. Еуропадағы Греция, Албания, Ирландия, Исландия және Мальта ғана бұл өлшем бойынша өте төмен балл жинады. Алайда, осы бес мемлекет арасында Исландия мен Мальта соңғы онжылдықта сәйкесінше 6% және 10% көрсеткіштердің айтарлықтай өскенін көрсетті. Керісінше, Африканың 39 мемлекетінің 26-сы, Солтүстік және Оңтүстік Американың 22 мемлекетінің 9-ы және Азияның 43 мемлекетінің 21-і «жасыл» экономикалық мүмкіндіктер бойынша 20 ұпайдан төмен. Оңтүстік Корея, Жапония және Сингапур Азияда «жасыл» экономикалық мүмкіндіктер құруда көш бастап тұр. Африкада оларға Танзания және Того сияқты дамушы елдер кіреді. Егер «жасыл» жұмыспен қамту мен сауданы арттыру үшін «жасыл» инвестициялар мен инновациялардың тиісті көлемі жасалса, Азия мен Африка аймақтарындағы көптеген дамушы елдер болашақта жоғары көрсеткіштерді жетеді деп күтуге болады.

Жасыл экономикаға салынған инвестициялардың қайтарымы шетелдің тәжірибесінен өте жоғары деңгейде болғанын байқауға болады. Мысалы, Германияның негізгі саяси күштерінің бірі – «Жасылдар» партиясы. Германияның эконополитиктері билікпен диалогқа қол жеткізді: 1979 жылдан

бері жұмыс істеп келе жатқан партия барлық белсенді сайлаушылардың шамамен 21% біріктірді. 2020 жылға қарай 35%-ға дейін ұлғайту туралы шешім қабылдады. Экономикалық салық реформасы Германия бюджетіне жыл сайын 20 миллиард еуродан астам «жасыл салықтар» алып келді.

Корея үкіметі 2009 жылы Президенттің «жасыл өсу» жөніндегі комиссиясын құрды. 2009 жылғы шілдеде «Жасыл» экономиканы дамытудың бес жылдық жоспары қабылданды, оның ішінде 50 жоба, «жасыл» өсуді қолдайтын «негіздемелік заңнама», «циклдік экономика туралы заң», «ЖЭЖ туралы заң» болды. Жоспар 2020 жылғы қорытынды бойынша өндірістің 140-160 млрд. АҚШ долларын құрды және 1,5–1,8 млн-нан астам жұмыс орындарын қамтамасыз етті.

Жалпы «Жасыл экономикаға» инвестиция көлемі жыл сайын артып келуде деуге болады, себебі 2020 жылы Еуропалық тұрақты даму қорларына қаражат ағыны екі есеге жуық өсті және 364 миллиард АҚШ долларын құрады – бұл тұрақты дамудың артықшылықтарына ғана емес, сонымен қатар тақырыптық инвестициялық мүмкіндіктерге, маңызды климаттық және экологиялық тәуекелдерді азайту әдістеріне байланысты. Тұрақты дамуға бағытталған инвестициялардың өсіп келе жатқан толқыны капиталды «жасыл» экономиканы дамытуға және төмен көміртекті экономикаға көшуге бағыттайды, жаңа «жасыл» өнімдер мен қызметтерді әзірлеуге және масштабтауға көмектеседі [12].

Инвестициялардың артып келе жатқанына қарамастан, «жасыл» экономикаға инвестициялау деңгейі жаһандық климаттың өзгеруі мен экологиялық ресурстардың сарқылуы мәселелерін шешу үшін қажет деңгейден әлі де алыс. Кей мемлекеттерді толықтай «жасыл» экономикаға көшіру үшін көп инвестицияларды қажет етеді: мысалы, Глазгоның таза нөлдік қаржылық альянсы (GFANZ) 2050 жылға қарай 125 триллион АҚШ долларын қажет етеді деп есептейді, ал Маккинси бұл көрсеткішті 275 триллион долларға жақындатады [12].

Қазақстан негізінен қазба отын түрлеріне, әсіресе көмір және мұнай өндіру өнеркәсібі сияқты «қоңыр» секторларға тәуелді. Күрделі саяси экономиканы және реформаларды жүзеге асырудың шектеулі әкімшілік әлеуетін ескере отырып, елге 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығы мақсатына жету өте қиын болады. Климаттың өзгеруіне байланысты маңызды нәтижелер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Үкіметі таңдамалы әрекет етіп, қазірдің өзінде «жасыл» қаржыландыру үшін берік негіз құруы қажет. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің есептеулеріне сәйкес, мұндай қайта құруларды жүргізу үшін алдағы 40 жыл ішінде 647,5 млрд. қажет. Нормативтік-құқықтық базаны, сондай-ақ қаржылық және физикалық инфрақұрылымды құру үшін мемлекеттік қаржыландырудың едәуір көлемі қажет болады. Бүгінде экологияны сақтап қалу мақсатында «жасыл» экономикаға көшу барысында халықаралық тәжірибеде келесідей әдістер қолданылуда:

- Нөлдік таза кірістің нақты және жан-жақты жоспары.
- Секторлар, өндірістік-өткізу тізбектері және елдер арасындағы ынтымақтастық.
- Қаржы нарығы несие беру және инвестициялау кезінде көміртегі мен парниктік газдарға назар аудару.
- Жаңа декарбонизация технологиялары үшін дамыған нарықтардағы ірі инвестициялар және салық төлеушілерді қолдау.
- Таза нөл үшін төлем [12].

Қазақстан жағдайында «жасыл экономиканы» инвестициялау шараларын жетілдіру үшін келесідей шаралар ұсынылады:

Импакт-инвестициялау – инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын (ESG) ескеру. Ықпалды инвесторлар тек қаржылық қайтарымды ғана емес, сонымен бірге қоғам мен қоршаған ортаға оң үлес қосуды да көздейді. Жаңартылатын энергия көздерін қолдайтын, ресурстардың тиімділігін арттыратын немесе тұрақты тәжірибені насихаттайтын компанияларға қолдау көрсете отырып, іmpact инвесторлары өз инвестицияларынан қайтарым алу арқылы айтарлықтай өзгерістерге қол жеткізеді.

«Жасыл» облигациялар – бұл тұрақты кірісті бағалы қағаздар климаттық және экологиялық жобаларды қаржыландыруға арналған бағалы қағаздар. Үкіметтер, муниципалитеттер мен корпорациялар жаңартылатын энергия инфрақұрылымы, таза көлік және тұрақты жерді пайдалану сияқты бастамаларды қаржыландыру үшін «жасыл» облигациялар шығару. Осы облигацияларды сатып алатын инвесторлар тұрақты пайда алу кезінде экологиялық тиімді жобаларға тікелей үлес қосады.

Сонымен қатар, тұрақты ETF (биржалық сауда қорлары) пайда болуы жасыл инвестицияны демократияландырды. Бұл қорлар инвесторлардың ақшасын экологиялық жауапты компаниялардың әртараптандырылған портфолиосына инвестициялау үшін біріктіреді. Таза энергетика, суды

үнемдеу немесе экологиялық таза технологиялар сияқты жасыл секторлардың кең ауқымына қол жеткізуді ұсына отырып, тұрақты ETF инвесторларға портфолиоларын экологиялық құндылықтарына сәйкестендірудің ыңғайлы әдісін ұсынады.

Технологиялық инновациялар қорлары озық «жасыл» технологияларды әзірлеу мен енгізуді жеделдетуде маңызды рөл атқарды. Көміртекті алу және сақтау, экологиялық таза материалдар немесе ақылды энергия жүйелері сияқты серпінді технологияларды зерттеуге және дамытуға инвестиция салу климаттың өзгеруін азайту үшін өте маңызды. Бұл құралдар инновациялық идеяларды нақты қолданумен нақты шешімдерге айналдыруға ықпал етеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, «Жасыл экономика» өңірлік дамуды ынталандырады, әлеуметтік тұрақтылыққа, «Жасыл экономика» секторларында жаңа жұмыс орындарын құру есебінен экономикалық әлеуетті арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанның жеке секторын экологияландыру (өндіріс және қызмет көрсету саласында) олардың қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған кәсіпорындар үшін ынталандыру құрылымын өзгерту бойынша нақты шараларды талап етеді. Бұл ретте бұл шаралар қазба және қазба емес отындардың салыстырмалы бағаларын жай түзетуден басқа жұмыстарды қажет етеді. Қазақстанда 2021 жылы қабылданған жаңа экологиялық кодексті қоса алғанда, салдарларды жұмсарту саясатының негіздемелік негізі қолданысқа енгізілгеніне қарамастан, алдағы онжылдықта шығарындыларды қысқартуға жеке сектор тарапынан үлесті қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қажет. Осыған байланысты «жасыл» қаржыландырудың артықшылықтарын пайдалану міндетті фактор болып табылады, бірақ жеке секторды жасылдандыру жөніндегі шаралардың кең ауқымы «жасыл» технологияларға сұранысты арттыру, оларды кеңейтуді қолдау және практикада оқыту құнын төмендету жөніндегі іс-шараларды қамтуы тиіс.

Қорытынды. Қорытындылай келе, жасыл экономикаға инвестиция салу рентабельділік туралы жалпы қабылданған идеялардан асып түсетінін атап өткен жөн. Бұл қаржылық пайда алу кезінде тұрақты болашақты қалыптастыруға деген ұмтылысты көрсетеді. Мақалада Қазақстанда «жасыл экономиканы» инвестициялаудың жаңа мүмкіндіктері, импакт-инвестициялар, жасыл облигациялар, тұрақты ETF, стартаптарға арналған венчурлық капитал, қоғамдық инвестициялар, технологиялық инновациялар қорлары және жасыл жылжымайтын мүлікке инвестициялар сияқты инновациялық әдістер ұсынылды. Осы инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, біз трансформациялық өзгерістерді ынталандырамыз, болашақ ұрпаққа қоршаған ортаға зиян келтірмейтін экономиканы қолдаймыз. Қазақстан жағдайында жеке сектор үшін ынталандыруды олардың қызметін экологияландыруға қарай өзгерту мақсатында мемлекеттік сатып алуға байланысты шешімдерге климатқа әсер етумен байланысты нақты және ашық өлшемдерді енгізу; бұл ретте шығарындыларды азайту үшін жеткізушілер арасындағы бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу және өнеркәсіптік инновациялар мен бизнес-модельдердің инновацияларын бастау қажет. Осылайша зерттеу мақсатына жетіп, міндеттері шешілді. Жасыл экономика бұл табиғи ресурстар мен мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және экологияны сақтай отырып тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізу. Сондықтан Қазақстан Республикасының болашақ тәуекелдерін азайту үшін «жасыл» экономиканы инвестициялау маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kemp-Benedict E. Investing in a green transition // *Ecological Economics*. – 2018. – Т. 153. – Р. 218-236.
2. Булгакова Ю.В. Деятельность в рамках программы ООН по окружающей среде (ЮНЕП) по продвижению концепции зеленой экономики как части глобальной системы // *Общество: политика, экономика, право*. – 2017. – №. 7. – С. 21-23.
3. Hill T., O'Connor M., Remus W. Neural network models for time series forecasts // *Management science*. – 1996. – Т. 42. – №. 7. – Р. 1082-1092.
4. Lavrinenko O. et al. Green economy: content and methodological approaches // *Entrepreneurship and Sustainability Issues*. – 2022. – Т. 10. – №. 2. – Р. 635.
5. Reid A., Miedzinski M. Eco-innovation // *Final report for sectoral innovation watch. Europe Innova. Technopolis group*. – 2008. – Т. 60. – Р. 80-91.
6. Lovins L.H. The economic case for climate action // *PCAP (2008) Plan for Presidential Action for the first 100 days in office for the next President of the United States*. – 2007. – 46 p.
7. Полоник С.С., Хоробрых Э.В., Литвинчук А.А. Мировой опыт формирования и развития «зеленых» инвестиций в условиях обеспечения устойчивого экономического роста // *Вестник Полоцкого государственного университета. Серия D. Экономические и юридические науки*. – 2018. – №. 13. – С. 2-11.

8. Sun W., Guo F., Seok J. Development of a novel vibro-wind galloping energy harvester with high power density incorporated with a nested bluff-body structure // *Energy conversion and management*. – 2019. – Т. 197. – P. 111880.
9. Мишулина С. И. «Зеленые» инвестиции как элемент механизма экологизации региональной экономики // *Sochi Journal of Economy*. – 2019. – Т. 13. – №. 2. – С. 155-164.
10. Gerlagh R., Heijmans R.J.R.K., Rosendahl K.E. An endogenous emissions cap produces a green paradox // *Economic Policy*. – 2021. – Т. 36. – №. 107. – P. 485-522.
11. Carraro C. et.al. Environmental policy and technical change: a survey // *International review of environmental and resource economics*. – 2010. – Т. 4. – №. 2. – P. 163-219.
12. Mikryukov A., Chilimova T., Serebrennikova A. Investments in Green economy as a driving force for sustainable economic development // *E3S Web of Conferences*. – EDP Sciences, 2021. – Т. 296. – P. 06037.

REFERENCES

1. Kemp-Benedict E. Investing in a green transition // *Ecological Economics*. – 2018. – Т. 153. – P. 218-236.
2. Bulgakova Ju.V. Dejatel'nost' v ramkah programmy OON po okruzhajushhej srede (JuNEP) po prodvizheniju koncepcii zelenoj jekonomiki kak chasti global'noj sistemy [Activities within the United Nations Environment Program (UNEP) to promote the concept of a green economy as part of the global system] // *Obshhestvo: politika, jekonomika, pravo*. – 2017. – №. 7. – S. 21-23 [in Russian].
3. Hill T., O'Connor M., Remus W. Neural network models for time series forecasts // *Management science*. – 1996. – Т. 42. – №. 7. – P. 1082-1092.
4. Lavrinenko O. et al. Green economy: content and methodological approaches // *Entrepreneurship and Sustainability Issues*. – 2022. – Т. 10. – №. 2. – P. 635.
5. Reid A., Miedzinski M. Eco-innovation // *Final report for sectoral innovation watch*. Europe Innova. Technopolis group. – 2008. – Т. 60. – P. 80-91.
6. Lovins L.H. The economic case for climate action // *PCAP (2008) Plan for Presidential Action for the first 100 days in office for the next President of the United States*. – 2007. – 46 p.
7. Polonik S.S., Horobryh Je.V., Litvinchuk A.A. Mirovoj opyt formirovanija i razvitija «zelenyh» investicij v uslovijah obespechenija ustojchivogo jekonomicheskogo rosta [World experience in the formation and development of «green» investments in the conditions of ensuring sustainable economic growth] // *Vestnik Polockogo gosudarstvennogo universiteta. Serija D. Jekonomicheskie i juridicheskie nauki*. – 2018. – №. 13. – S. 2-11 [in Russian].
8. Sun W., Guo F., Seok J. Development of a novel vibro-wind galloping energy harvester with high power density incorporated with a nested bluff-body structure // *Energy conversion and management*. – 2019. – Т. 197. – P. 111880.
9. Mishulina S.I. «Zelenye» investicii kak jelement mehanizma jekologizacii regional'noj jekonomiki [«Green» investments as an element of the mechanism for greening the regional economy] // *Sochi Journal of Economy*. – 2019. – Т. 13. – №. 2. – S. 155-164 [in Russian].
10. Gerlagh R., Heijmans R.J.R.K., Rosendahl K.E. An endogenous emissions cap produces a green paradox // *Economic Policy*. – 2021. – Т. 36. – №. 107. – P. 485-522.
11. Carraro C. et.al. Environmental policy and technical change: a survey // *International review of environmental and resource economics*. – 2010. – Т. 4. – №. 2. – P. 163-219.
12. Mikryukov A., Chilimova T., Serebrennikova A. Investments in Green economy as a driving force for sustainable economic development // *E3S Web of Conferences*. – EDP Sciences, 2021. – Т. 296. – P. 06037.

Кайраткызы А., Хойч А., Демирал М.

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ИНВЕСТИРОВАНИЯ «ЗЕЛЕННОЙ» ЭКОНОМИКИ И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Статья посвящена определению необходимости инвестирования в «зеленую экономику, то есть низкоуглеродную, ресурсосберегающую и социально инклюзивную экономику» как движущей силы устойчивого экономического развития. Актуальность темы статьи определена главой государства К.К. Токаевым с началом

национального проекта «Жасыл Қазақстан» на 2021-2025 годы, обозначив одним из главных направлений экономики озеленение и охрану окружающей среды.

В работе рассмотрены теоретические аспекты концепции «зеленой экономики» и ее задачи на современном этапе, а также широко изучено определение «зеленых инвестиций». Кроме того, отражены особенности устойчивого экономического развития, взаимосвязь между экономическим развитием и окружающей средой, цели в области устойчивого развития, международный опыт и тенденции их реализации. В статье проанализирована информационная база по международному опыту инвестирования «зеленой» экономики для решения основных вопросов разработки и внедрения общего инструмента инвестирования в «зеленую» экономику, а также определены возможности совершенствования инвестирования «зеленых» продуктов и услуг в казахстанской практике. Для выявления новых возможностей инвестирования проведен краткий анализ целей и направлений проектов в контексте экономических и социальных воздействий, методов инвестирования в зеленые технологии в Республике Казахстан и за рубежом.

Kairatkyzy A., Khoich A., Demiral M.

**FOREIGN EXPERIENCE OF INVESTING IN THE «GREEN» ECONOMY
AND WAYS OF IMPROVEMENT IN KAZAKHSTAN**

Annotation

The article is devoted to determining the necessity of investing in «green economy, i.e. low-carbon, resource-saving and socially inclusive economy» as a driving force of sustainable economic development. The relevance of the topic of the article is determined by the head of the state K.K. Tokayev with the beginning of the national project «Zhasyl Kazakhstan» for 2021-2025, designating one of the main directions of the economy greening and environmental protection.

The paper considers theoretical aspects of the concept of «green economy» and its tasks at the present stage, widely studied the definition of «green» investments. In addition, the features of sustainable economic development, the relationship between economic development and the environment, sustainable development goals, international experience and trends in their implementation are reflected. The article analyzes the information base on the international experience of investing green economy to address the main issues of development and implementation of a common tool for investing green economy, identified opportunities to improve the investment of green products and services in Kazakhstan's practice. To identify new investment opportunities, a brief analysis of the goals and directions of projects in the context of economic and social impacts, methods of investment in green technologies in the Republic of Kazakhstan and abroad.

